

Ауляйсова Динара Кусановна

*«Абай негізгі мектебі» ММ қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы*

Заманауи сабақта мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыру технологияларының маңызы

Қазіргі оқу үрдісінің тұлғалық қарым-қатынас деңгейіне ауысуы оның мұғалім мен оқушының серіктестігіне айналғанының белгісін білдіреді. Біздің заманымызда қазақ тілін оқыту процесі оқушының оқу материалымен жеке қызметі ретінде емес, ерекше ұйымдасқан қарым-қатынас есебінде танылады. Сабақтағы осындай қарым-қатынастың маңызды атқарылымы мұғалім мен оқушының бір-бірімен қарым-қатынасты орнатуы, әрі қазақ тілінде сөздік тәжірибені иемденуі міндеті іске асырылады. Сонымен, қазақ тілін оқыту процесі қарым-қатынасқа түсушілердің (мұғалім мен оқушы, оқушылардың бір-бірімен) қарым-қатынасын, яғни, ең алдымен, олардың бірлесіп келісілген қызметін болжайды. Қазақ тілін оқыту тиімділігі көп жағдайда мұғалім мен оқушы әрекеттерінің қаншалықты келісіліп жасалғанына байланысты. Егер мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас бұзылса, онда қарым-қатынасқа түсушілердің арасындағы қарым-қатынас бұзылады, бұл оқушылар қызметінің бұзылуына әкеп соғады. Кейде мұғалімнің өзі осындай келіспеушіліктің себепкері болады, сабақтың әрбір компонентінің міндеттерімен, оның ұйымдастыру формалары мен оқушылардың атқаратын қызметтерінің мазмұнымен өзінің іс-әрекетін үйлестірмейді. Мұғалім әрбір тапсырманың мақсаты мен мотивін аша отырып, оқушылардың басты назарын қызметтің мазмұндық аспектісіне аударады. Бұл жағдайда оқу қызметінің негізгі формасы коммуникативті-танымдық қызметіне бірлескен қызығушылығы, мұғалімнің оқушылармен тілдесуі болып табылады. Олардың бірлескен қызметінің басты ұраны «Бірге іс-әрекеттесеміз!». Ал оқушыны алатын болсақ, қолайлы тұлғааралық

катынастың арқасында оның тілдік қатені жіберіп аламын, мені түсінбеуі мүмкін деген қорқынышы болмайды, өзін еркін және бос ұстайды.

Ынтымақтастық қатынасына түсе отырып, мұғалім баланың оқушы ретіндегі атқарылымына емес (бұған сәйкес ол үй жұмысын жаттап, айтып беру тиіс), оның тұлға ретінде және оның дамуының перспективасына бағыттау керек.

Мұндай қарым-қатынас, әдетте, оқу үрдісінен тыс шығып, қазақ тілінің практикалық пайдалануын ынталандырады: қазақ тілінде іс шаралар дайындауда, қабырға газеттерін бірлесіп рәсімдеуде, т.б. Қазақ тілі сабақтарының тиімділігі, ең алдымен, мұғалімнің оқушылардың қазақ тілін қатынас құралы ретінде меңгеретін жағдаяттарды ұйымдастырып, жағдай туғызатын қабілетімен негізделеді. Жаңа педагогикалық технологиялар (жобалау әдісі, ынтымақтастық әдістемесі, педагогикалық шеберхана, оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы және т.б.) оқушыға өмір сүруге, жұмыс істеуге өз бетінше және ұжыммен бірлесіп ойлануына, ал армандауды және жақсы игі істерді жеке атқаруына мүмкіндік береді. Оқушылар әртүрлі болады: бірі мұғалімнің түсіндіргенін тез қабылдап, лексикалық материалды оңай меңгеріп алады, басқалары материалды түсініп, ойлануына анағұрлым көп уақытты қажет етуімен қатар, қосымша мысал келтіріп, түсіндіруді қажет етеді. Мұндай балалар, әдетте, топ алдында сұрақ қоюға ұялады, ал кейде нені түсінбегендерін де білмейді, дұрыс сұрақты да қоя алмайды. Егер мұндай жағдайда балаларды шағын топқа (3-4 оқушыдан) біріктіріп, оларға бір жалпы тапсырма беріп, осы тапсырманы орындауда топтағы әрбір оқушының рөлін айтып кетсе, онда әрбір оқушының өз жұмысының нәтижесіне ғана емес, тобының нәтижесіне жауап беретін жағдаят туындайды. Сондықтан білімі нашар оқушылар күшті оқушылардан оларға түсініксіз сұрақтарды анықтап алуға тырысады, ал күшті оқушылар топтағы барлық мүшелердің, бірінші кезекте нашар оқушының материалды толық талқылауына (бір мезгілде күшті оқушының сұрақты қалай түсінігенін жеке тексеруге мүмкіндігі туады) мүдделі болады. Осылайша бірлескен күш кемшіліктерді жояды. Ынтымақтастықта оқытудың

жалпы идеясы осындай. Педагогикалық шеберхана – жаңа білім, жаңа ашылымдарға апару үшін жағдай жасайтын балалар мен мұғалім диалогының формасы. Бұл қарым-қатынастың формасында оқушылар мен мұғалім өздерін бірегей тұлға ретінде сезінеді. Бұл технологияны француз педагогтары мен психологтары Анри Валлон, Пол Ланжевен ойлап тапқан. «Педагогикалық шеберхана» технологиясының жақтаушылары «мастер» (мұғалім): қатынаста ашықтық, тілектестік, бірлескен шығармашылық атмосферасын туғызуға, сабақ барысында баланың сезіміне қарауға, оқытатын тақырыпқа қызығушылығын арттыруға, оқушыға өзімен тең қарап, балалармен бірге жұмыс істеуге, дайын жауаптарды бермей, жұмыстың дұрыс орындалу тәсілін беруге тиіс. Бұл технологияның басты мақсаты – тұлғалық өзіндік даму, өзін-өзі және өмірдегі өзінің орнын сезіну, басқа адамдарды, өмір заңдылықтарын түсіну үшін жағдай жасау.

Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы барлық оқушылардың қолда бар және жаңадан алған ақпаратқа саналы түрде келуге арналған. Бұл технология мәтіндік материалды графикалық рәсімдеу, қолда бар ақпаратты шығармашылық тұрғыдан интерпретациялау, ақпаратты маңыздылығы жағынан реттеу іскерлігінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдану оқушылардың өзіндік бағасын көтереді. Мұғалім-оқушы қатынасы күрт өзгереді. Мұғалімнің позициясының басымдылығы шынайы серіктес ынтымақтастыққа ауысады. Жаңа педагогикалық технологиялар – мұғалімнің жаңа мінез-құлық желісі, оның оқушылармен қарым-қатынасының жаңа формасы. Қазіргі білім беру философиясы, білім беру процесінде оқушы тұлғасының басымдылығының жариялануы мұғалімнің оқушылармен ынтымақтастықта шығармашылық жұмыс істеуіне әкеп соғады. Себебі, мектеп қабырғасынан шыққанда, адам көптеген жағдаяттармен кездеседі, көптеген шарттар мен шешімдер болады, алайда дайын жауаптардың нұсқалары болмайды. Бұл жағдайда ақпаратпен жұмыс істеу іскерлігінің зор маңызы бар. Оқушы өз көзқарасын нық және сенімді білдіруге, белгілі бір қорытынды шығаруға дайын болуы тиіс.